

Бірінші дәрежелі кен директоры

Қазыналы Қарағандыны өз қолымен тұрғызған, қаланың дамуына қыруар еңбек сіңірген аптал азаматтар шоғырының ішінде Файзолпа Серғазыұлының орны ерекше болды десек, онымыз асыра айтқандық емес. Өлке тарихының білгірі, ғалым ағамыз Дүйсетай Шаймұханов өзінің бір әңгімесінде “Талай ағаларының дуалы аузына ілігіп, есімі сан мәрте қайтапанып, айтылып жүрседе, көзі тірісінде де, қазірде де өзіне лайықты құрметті көре алмай жүрген жандар бар - солардың бірі Файзекең”, - деп үлкен қиналыспен ақтарылғаны бар. Сондықтан да көмірлі Қарағандының 70 жылдығы қарсаңында Файзекеңнің қазыналы өңірдің, жалпы еліміздің көмір өнеркәсібін дамытуға қосқан үлесі төңірегінде ой тербеп, әрі оның есімін оқырман санасында тағы бір жаңғыртуды өз міндетіміз деп санадық.

Арқа өңіріне, атап айтқанда Атбасар, Ақмола, Көкшетау сәл бертiнiрек, яғни өткен ғасырдың алғашқы жартысында Қарағанды аймағына Серғазиндер есімі кең танылған. Осы бір өскен әулет туралы алғашқы пікір академик, жазушы Сәбит Муқановтың “Өмір мектебі” атты кітабында кездеседі. Сәбең өз шығармасында, Көкшетау уездік ревкомының орынбасары Хамидолла Серғазиннің сауатты да, парасатты адам екенін айтады. Сәбеңнің назары түскен бұл жігіт өзіміз әңгімеге арқау етіп отырған Файзолланың үлкен ағасы. Осы орайда Серғазиндердің бір әкеден жеті ағайынды болғанын, оның бесеуі ұл, екеуі қыз екендігін айта кеткен жөн. Береке, бақ қонған әулеттің ұл-қыздарының бәрі де кезінде елге танымал болған, әрқайсысының өмірде қалдырған ізі, салып кеткен соқпағы бар. Сәбеңнің дуалы аузына ілігіп, ілтипатқа бөленген Серғазиндердің төлбасы Хамидолла кезінде Петропавлда облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болады. Облыстық деңгейдегі басқа да лауазымдық қызметтерден соң, 30 жылдары Алматыда өлкелік астық дайындау өкілінің орынбасары қызметін атқарған. Алайда 37-нің зобалаңы құрықты елім деп еңіреген, халқым деп шырылдаған Хамидоллаға да салды. Асыл азамат нақақтан-нақақ “халық жауы” болып кете барды.

Серғазының екінші ұлы Ғабдолла да көзі ашық, оңы мен солын жете таныған азамат болды. Кезінде Атбасар қалалық милиция бастығының орынбасары, бертiнiрек Көкшетауда түрлі өндіріс орындарын басқарған ол Ұлы Отан соғысы бастапқанда әскерге шақырылып, Отан қорғау жолында жанын пидә еткен.

Серғазы ақсақалдың үшінші ұлы Файзолла 1910 жылы Атбасар қаласында дүниеге келеді. Ағалары салған жолмен Файзолла да дүниенің кілті оқуда екендігін ерте ұқты. Негізі көзі ашық, оқыған, тәрбиелі отбасының өнегесін бойына сіңірген Файзолланың техникалық білім алуға деген ұмтылысының заңдылық екенін айту керек. 1931 жылы ол Мәскеу кен институтына оқуға түседі.

Бұл кезде ұлан байтақ елдің шығысындағы болашақ. алып кен орны Қарағандының іргетасы қалана бастаған. Келешегіне, ғаламат, ғажайыбына құлаш ұрғаны сол кезде-ақ танылған көмір ошағына білікті мамандар, оның ішінде жергілікті ұлт өкілдері ауадай қажет еді.

– Файзолла Қарағанды кенішіне келген жоғары білімді екінші қазақ кен инженері болды, - дейді профессор Дүйсетай Шаймұханов сол бір алыс күндердің ұмыт болған кезеңдерін еске түсіріп, - 30 жылдардың басында Қарағандыда Әлменов деген жалғыз қазақ инженері ғана болды. Ол 1932 жылы келген еді. Араға төрт жыл салып, оған Файзолла қосылды. Қарағанды топырағына аяғы тигеннен соңғы бүкіл саналы ғұмырын Қарағанды көмір кенішін дамытуға жұмсап, оған өзінің лайықты үлесін қосқан, тыңнан түрен салушылардың алғашқылары тобында, өндіріс командирлерінің алыптар шоғырында маңдайы жарқырап Файзекең тұрды. Одан сәл кейінірек Әбекең, өзіміздің қадірменді ақсақалымыз Әбілқас Сағынов бастаған лек 1939 жылы осы туңғыштар қатарына қосылды. Бұдан соң жоғары білімді ұлт кадрларының қатары жедел қарқынмен өсті.

Еңбекке деген ынтасы зор, білімді де білгір жасқа Қарағанды кеніші күшәк жайған екен. Файзолла әуел баста Калинин атындағы шахтада учаске бастығы болып еңбек қадамын бастаған. Өндіріс басшысының сан-салалы буынынан өтіп, 1950 жылы “Қарағанды көмір разрезі” тресінің бас инженері болып жүрген кезінде Мәскеудегі көмір өндірісі академиясына оқуға жіберілген. Екі жылдық оқуды тәмәмдап оралған соң Қарағанды қаласындағы сол кездегі “Ленин көмір” тресінің басқарушысы болып тағайындалған. Бертiнiрек Қарағанды өндірістік облаткомының төрағасы, одан соң Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы болды.

Қарағанды кенішінің алғашқы қалыптасу кезеңінен аяғынан тік тұрғанша басы-қасында болып, өндірісті аймақтың дамуына бар күш-жігерін, білімін жұмсаған Файзолла Серғазин жетекшілік еткен барлық буындарда үнемі өндірістің үздіксіз дамып, өсіп, халықтың әлеуметтік тұрмысы жағдайының жақсара түскенін көруге болады.

Файзекеңнің Қарағанды жеріне табаны тиюі осындағы жұмысшы поселкесінің қала дәрежесіне көшуімен тұспа-тұс келді. Тап сол кезде 112 мың адамдық жаңа қаланың құрылысы бастау алған. Сол

жылы күзде Қарағандыда С.Киров болды. 30 жылдардың соңында стахановшылар қатары көбейіп, 1939 жылы көмір кенішінде өндірістің 700-ден аса шебері 3700 стахановшы мен 2937 еңбек екіпіндісі болған. Көмір шығару көлемі жыл сайын өсті, соғыстың басқа түсірген ауырпашылықтарына қарамастан 1945 жылы бассейн 1940 жылмен салыстырғанда көмір шығару мөлшерін екі есеге арттырды. Осы қарқын соғыстан соңғы жылдарда да, одан кейінгі бесжылдықтарда да заңды жалғасын тапты. Қапа тұрғындардың көз алдында өсті.

Файзекең басқарған, 1942 жылдан 1970 жылға дейін дербес мекеме болып келген “Ленин көмір” тресінің еңбек жолына үңілсек те көп жайды аңғарамыз. Осы трест 1942 жылы құрылып, оның құрамында № № 17, 18 бис, 18, 19 бис, 20, 20-бис, 28, 41, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 54, 55 шахталары, тағы да басқа қосалқы құрылымдар енген. Трест Ұлы Отан соғысы жылдары және одан кейінгі кезеңдерде әлденеше мәрте социалистік жарыстың мандай алдынан көрінген. Осындай тамаша табыстары үшін трест Ленин орденімен марапатталды. Марапат дегеннен шығады, осы тресте және кейш басқа да буындарда үздік еңбек етіп, алғырлығымен, іскер ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшелене білген Файзекең де кезінде лауазым мен құрметтен және марапаттан кенде қалмады. Ол өз қызметінде учаске бастығынан Қазақ КСР көмір өнеркәсібі басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметіне дейінгі сатыдан өтті.

Әріптесіміз, журналист Ержан Имаш өзінің “Сарыарқаға еңбегі сіңген Серғазиндер” атты мақаласында (“ОҚ”. 19.01.2002 ж.) “... ол көзі тірісінде абыройға бөленіп, құрмет пен атақтан кенде болған емес. Қатарынан 17 жыл облыстық партия комитетінің мүшесі, 4 рет халық депутаттары облыстық кеңесінің депутаты, атқару комитетінің мүшесі (бір шақыруда), екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, бір шақыруда оның өнеркәсіп және көлік жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болып сайланып, Қазақстан Компартиясының IX, X және XII съездеріне шешуші дауыспен делегат болып қатысты” деп жазды. Награда дегенге келсек, Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет Белгісі” ордендерімен, төрт медальмен, көптеген марапат қағаздарына ие болды. 1969 жылы Файзекең “Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген шахтері” атағы беріледі.

Пенденің бір басына жетерлік, лауазым, абырой мен атақтар осы емес пе десек те, Файзекең кезінде, яғни 1950 жылы жоғары награда - Ленин орденіне ұсынылса да, оны ала алмағанын әріптесіміздің жоғарыда аталған мақаласынан білген едік. Жаңа деректер Файзолла Серғазиннің кезінде Социалистік Еңбек Ері атағына да ұсынылғанын, алайда түрлі себептермен осы атақтың Файзекеңнің мандайына жазбағандығын көрсетеді. Одан бөлек біздің қолымыздағы архив құжаттарының көшірмесі 1953 жылы Файзолла Серғазиннің Сталиндік сыйлыққа да ұсынылғанынан мәлімет береді. Оған сол кездегі ҚСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің атына Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Яковлевтің, “Қарағандыкөмір” комбинатының басшысы П.Иноземцевтердің жеке-жеке жіберген қолдау хаттары куә.

Біздің пайымдауымызша, Файзекең мәртебелі атақ пен сыйлықтың берілмеуіне де бірқатар себептер әсер етсе керек. Жоғарыда біз Файзекеңнің үлкен ағасы тұралы айттық, 37-де “халық жауы” атанған ағасы бар адамға жоғары атақ, әрі айтулы сыйлық қайтіп тапсырылсын. Жоғары орындар, сірә, өздері де тергеп-тексеруін жүргізген де болар, сондай-ақ маңындағылар да қарап қапмаған сыңайлы. Қалай демейік, Файзекең жоғары атақты алмадым, сыйлыққа ие болмадым деп мойымады, жүнжімеді. Өндірістің басшысы бола жүріп, Қарағанды кенішін ғылыми тұрғыда дамыту мәселесіне ден қойды. Оның өндіріске енгізген тың жаңалықтары және ұсыныстары кенішті дамыту ісіне өзіндік ықпалын тигізді. Тәжірибесімен басқаларды таныстыру үшін ғылыми-техникалық журналдарға және көмір өнеркәсібі туралы кітаптарға мақалаларын бастырды. Қарағанды политехникалық институтының ұжымымен, ондағы кен факультетімен етене араласып қызмет атқарды. Сонындәлелі ретінде Файзекеңнің Қарағандыдағы іргелі оқу орны - политехникалық институтын жер асты кен байлықтарын дайындау кафедрасының доценті болғанын айтсақ та жетеді.

Негізі Файзолла Серғазин еңбегі өндіріс командирі ретінде орынды бағаланған. Мәселен “Қазақстан Компартиясы тарихының мәселелері” атты кітапта “Кезінде республикадан тыс жоғары оқу орындарын бітірген Аббас Әліпбаев, Қапкей Берғалиев, Ибрагим Тәжиев, Сафи Өтебаев, Файзолла Серғазин және тағы басқалары республика өнеркәсібінің тамаша ұйымдастырушылары болды” деп жазады. “Народное хозяйство Казахстана” журналы 1972 жылы “... республиканың социалистік индустриясының капитандары орыстар К.Горбачев, И.Костенко... қата-рында, қазақтар Д.Қонаев,... Ф.Серғазин-дермен бірге, тағы басқалары болды” деді. Халқымыздың ардақты ұлы, ширек ғасырға тарта Қазақстанды басқарған Дінмұхамед Қонаев өзінің “Өтті дәурен осылай” атты кітабында “Қарағанды бассейнінің дамуына өмірден ерте өткен инженер Серғазин үлкен үлес қосты...” деген жолдар бар.

Файзолланың екі ағасы тәртізді інісі, Жұмадолла да Қарағанды көмір кенішінде инженер, трест бастығының орынбасары, шахта директоры қызметтерін атқарды. Ағайынды бес ұлдың кенжесі Сәмиғолла Ұлы Отан соғысына қатысқан, халық ағарту саласында жемісті қызмет атқарған. Халық ағарту ісінің озық қызметкері атағына ие болған. Ағайынды Серғазиндердің қай-қайсысы туралы болмасын жеке-жеке әңгімелеуге болады. Олар туралы біздің газет те үнемі деректі материалдар жариялап келеді. Жоғарыда өзіміз атап өткен журналист Е.Имаштың мақаласынан бөлек Файзолланың тетелес, өкшесін басқан інісі Жұмадолланың ұрпаққа өнеге болар өмір жолы, еңбек жолы турапы әріптес журналист Серік Сексенұлы “Ардагер жолы” атты көлемді мақаласын осы газеттің 1984 жылғы 27 наурызындағы санында жариялады. Журналистер ғана емес, ғалымдар да, еңбек адамдары да Файзекең туралы баспасөз бетінеірілі-ұсақты мақалапарын бастырды.

Файзекең 1971 жылғы 26 наурызда дүниеден өтті. Содан бері оның есімі жыл өткен сайын жаңа қырынан танылып жаң-ғыра түсуде. Жоғарыда атапған мақала авторларымен қоса ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, облыстық Мәслихаттың депутаты Рашит Кәренов ағамыз республикалық “Егемен Қазақстан” (13.01.2001 ж.) және “Казахстанская правда” (23.12.2000 ж.) облыстық “Индустриальная Караганда” (06.01.2001 ж.) газеттерінде басылған көлемді мақалаларына Файзолла Серғазин есімін мәңгілік есте қалдыру шараларын жүзеге асыратын шақтың келгенін шегелей айтқан еді. Алайда сол айтылғандар тиісті жеріне жетпей жата ма, аяқсыз қалды.

Бүгін біз де сол ұсыныстарды тағы бір мәрте қайталап, Қарағандының алдағы келе жатқан 70 жылдық мерекесі қарсаңында Файзекең есімін мәңгілік қалдыру шаралары жүзеге асырылса деген тілегімізді ортаға салмақпыз. Кезінде, 1952 жылы бірінші дәрежелі кен директоры атағына ие болған Файзолла Серғазинге Қарағанды қаласы мен кенішінде есте қалдырарлық еш белгі жоқ екен. Ардагер азаматқа арнап көмір департаментінің ғимаратына және өзі тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнату, Қарағандының бір көшесіне оның есімін беруді шешетін уақыт жетті. Кезінде қазақта өндіріс басшыларының санаулы ғана болғаны жасырын емес. Ал солардың ішінде бірегейі де Файзекең іспеттес нарқасқа азаматтарымыз еді. Олай болса Файзолла Серғазин есімімен мақтануға да, оны басқаларға үлгі етуге де әбден болады.

Ермағамбет ЛҰҚПАН.